

Ақтөбе облысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 наурыз N 487

Ақтөбе облысында тұқымдық қарызды уақытылы өтеуге ықпал ететін күтпеген жағдайлардың туындауына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) Ақтөбе облыстық мәслихаты облыстың 2000 жылға арналған бюджетінде тұқымдық қарызға қызмет көрсетуге және өтеуге 402982 (төрт жүз екі мың тоғыз жүз сексен екі) АҚШ доллары сомасындағы ақшаның теңгелік баламасын көздеген жағдайда "1999 жылдың егіс науқанын тұқымдық астықпен тауарлық несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 P990341_ қаулысына сәйкес Ақтөбе облысының әкімі алған тұқымдық қарызды өтеу мерзімін белгіленген тәртіппен 2000 жылдың 15 қарашасына дейін ұзарту ұ с ы н ы л с ы н .

2. Ақтөбе облыстық мәслихатының жоғарыда аталған шешімі болған

жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-ның 369708 (үш жүз алпыс тоғыз мың жеті жүз сегіз) АҚШ доллары сомасындағы несиелік берешегінің белгіленген тәртіппен Қоғамға жатқызылуын қамтамасыз етсін;

2) 2000 жылғы 15 желтоқсанға дейін несиені қайтару шартымен 369708 (үш жүз алпыс тоғыз мың жеті жүз сегіз) АҚШ доллары сомасындағы несиелік берешекті өтеудің мерзімін ұзарту туралы Қоғаммен тиісті келісім жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК